

**«Қазақстан Республикасында медициналық авиацияны дамыту
жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» мемлекеттік тапсырмасын іске
асыру бойынша 2025 жылғы 1 қаңтардан 30 желтоқсанға дейін
медициналық қызметтер көрсету туралы есеп**

ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҰШМҰО) «Қазақстан Республикасында санитариялық авиацияны дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру бойынша қызметтер көрсету туралы 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 1 Шартқа сәйкес өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді 2025 жылғы 1 қаңтар мен 30 желтоқсан аралығында (бұдан әрі – есепті кезең) медициналық қызметтер көрсету үшін ҰШМҰО диспетчерлік қызметіне 2 589 өтінім келіп түсті, оның ішінде 302-і (11,7%) мынадай себептер бойынша:

- метеожағдайлар – 236 (78,1 %);
- ұйымдастыру (әуежай жұмысының регламенті, техникалық регламент және т. б.) – 43 (14,2 %);
- техникалық себептер – 10 (3,4 %);
- тәуліктің күндізгі уақытының аяқталуы – 10 (3,4 %);
- пациент жай-күйінің нашарлауы – 3 (0,9 %);

Бас тартылған 302 өтінімнің ішінен 154-і (50,9 %) кейінірек орындалды, 89-ы (29,6 %) санитарлық автокөлікпен жеткізілді, ал 59 пациентке (19,5 %) қашықтан медициналық қызметтер (бұдан әрі – ҚМК) ұйымдастырылды.

Есептік кезеңде 2 272 ұшу орындалды және медициналық қызмет көрсетусіз 15 ұшу жүзеге асырылды, оның ішінде ұшақтармен – 1 742 ұшу және қызмет көрсетусіз 13 ұшу (соның ішінде азаматтық авиацияның тұрақты рейстерінің әуе кемелерімен 73 ұшу орындалды), тікұшақтармен – 530 ұшу және қызмет көрсетусіз 2 ұшу. (1-кесте).

Анықтама: 2024 жылдың ұқсас кезеңінде медициналық қызмет көрсету үшін 2 184 ұшу, оның ішінде ұшақтармен – 1755 ұшу (оның ішінде 1488 ұшу азаматтық авиацияның тұрақты рейстерінің әуе кемелерімен орындалды), тікұшақтармен – 429 ұшу орындалды.

1-кесте

2023 және 2024 жылдардағы есепті кезеңдегі ұшулар саны

Көрсеткіштер	2024 жыл	2025 жыл	Бас тарту, абс.
Ұшулар саны, абс.	2184	2272 (15 қ/с)	88
Оның ішінде ұшақтармен, абс.:	1755	1742 (13 б/у)	0
тікұшақтармен, абс.	429	530 (2 б/у)	101
Өтінімдер саны, абс.	2594	2589	-5

Ұсынылған 1-кестеге сәйкес медициналық авиация желісі бойынша ұшулар 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,5 %-ға көп жүзеге асырылды.

2287 (оның ішінде 15 қызметсіз) ұшудың 1560 (68,2 %) - өңірлік деңгейде (оның ішінде медициналық қызметтерсіз – 15 ұшырылу), 544 (23,8 %) – Астана қаласынан, оның ішінде 60 ұшу – Азаматтық авиацияның тұрақты

рейстерімен, 174 (7,6 %) – Алматы қаласынан оның ішінде 13 ұшу – Азаматтық авиацияның тұрақты рейстерімен және 9 (0,4%) ұшырылым халықаралық деңгейде орындалды.

2-кесте

Астана, Алматы қалаларынан және өңірлерден 2025 жылға саны
(абс. сандар)

№	Өңірлер	Өңірде	Астанада	Алматыдан	Шетел	Барлығы:
1.	Астана қ.		1	2		3
2.	Алматы қ.		8	10		18
3.	Алматы облысы	1		1		2
4.	Жетісу облысы	69	8	4		81
5.	Ақмола облысы	62	12			74
6.	Ақтөбе облысы	185	53	2		240
7.	Атырау облысы	82	45	3		130
8.	ШҚО	91	21	10		122
9.	Абай облысы	139	69	2		210
10.	Жамбыл облысы	184	21	2		207
11.	БҚО	43	35	1		79
12.	Қарағанды облысы	135	3	1		139
13.	Ұлытау облысы	32	48			80
14.	Қостанай облысы	97	50	1		148
15.	Қызылорда облысы	157	31	53		241
16.	Маңғыстау облысы	80	55	52		187
17.	Павлодар облысы	84	17			101
18.	СҚО		14			14
19.	Түркістан облысы	119	7			126
20.	Шымкент қ.		46	30		76
21.	Шетел				9	9
22.	Мед қызметтерсіз	15				
23.	Тұрақты рейстер		60	13		
Всего:		1560	544	174	9	2287

2025 жылы әукілетті органнан шетелдік медициналық ұйымдардан Қазақстан Республикасы азаматтарын тасымалдау қажеттігі туралы 33 өтініш келіп түсті. Осы өтініштер негізінде 9 рейс ұйымдастырылып, орындалды, олардың барысында Түркия, Оңтүстік Корея, Германия, Вьетнам, Қырғыз Республикасы және Мысыр сияқты түрлі елдерден 9 пациент сәтті тасымалданды.

Өтініштердің нозологиялар бойынша құрылымы төмендегідей бөлінді:

- онкологиялық аурулар — 7 өтініш,
- жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары (ЖҚЖ) — 12,
- жарақаттар — 6,
- өзге де аурулар — 8.

Тікелей тасымалданған пациенттердің ішінде 5-інде жүрек-қантамыр жүйесі аурулары, 4-інде жарақаттар болды.

Шетелдік клиникалардан тасымалдау нәтижелері бойынша:

- пациенттердің 22,2 %-ы — өліммен аяқталған,
- 66,7 %-ы — жағдайы жақсарып, әрі қарай реабилитацияға жіберілген.
- 11,1 %-ы – емін жалғастыруда.

Таблица - 3

Халықаралық деңгейде 2025 жылда орындалған ұшырылымдар


№	Күні	Бағыт	Шет елдік клиниканың атауы	Диагноз	ҚР-дағы медициналық ұйым атауы
1	27.01.2025	Ыстамбұл, (Түркия) – Астана	Istinye Universitesi Hastanesi Medical Park Gaziosmanpasa	жарақаттық мидың ішкі қан құйылуы, декомпрессиялық краниотомия, краниопластика.	№2 Көпбейінді қалалық ауруханасы
2	13.02.2025	Нюрнберг, (Германия) – Алматы	Jakob-Henle-Straße 1, 90766 Fürth	Базилярлық артерияның окклюзиясымен қатар жүретін церебральды инфаркт, екі жақ желке бөліктерінде, мидың бағанында және екі жақ мишық аймақтарында перфузиялық жеткіліксіздікпен, демаркация белгілерімен.	Алматы қаласының көпбейінді клиникалық ауруханасы
3	17.02.2025	Фукуок аралы, (Вьетнам) – Алматы	Vinmec	Церебралды инсульт	Алматы қаласының көпбейінді клиникалық ауруханасы
4	08.04.2025	Пучон қ, (Оңтүстік	Sejong General Hospital	Q22.0 Өкпе артериясы	Балалар хирургиясы және педиатрия

		Корея) – Алматы		қақпағының атрезиясы	ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ орталығы
5	20.06.2025	Шарм-эль-Шейх қаласы, (Египет) – Көкшетау	Sharm El Sheikh International Hospital	T91.1 Омыртқа сынуының салдары G82.5 Параплегия J18 Пневмония J96.02 Тыныс жеткіліксіздігі	Көкшетау қаласының облыстық көпбейінді ауруханасы
6	05.09.2025	Ош, (Қырғызстан) – Астана	Травматологиялық аурухана	Қосарланған жарақат. Сол жақ жамбас сүйегінің проксималды бөлігінің жабық ығысуымен болған сынуы. Іштің тұйық жарақаты. Көкбауырдың жыртылуы. Гемоперитонеум. ЖТБИ, ми шайқалуы. 2-дәрежелі травматикалық шок.	ҰШМҰО
7	06.11.2025	Ыстамбұл, (Түркия) – Астана	Medipol Bahçelievler Hospital	G93.1	ҰШМҰО
8	14.11.2025	Хошимин, (Вьетнам) – Астана	Cho Ray	I61	ҰШМҰО
9	28.12.2025	Сеул (Корея) - Астана	Konkuk University Medical Center	I63.9	ҰШМҰО

МАМБ 6255 пациентке 9124 медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде: 2267 пациент тасымалданды (24,8 %), бейінді мамандар бетпе-бет консультациялар жүргізді – 144 (1,6 %) және операция жасалды – 140 (1,5 %), ҰШМҰО Ахуал орталығы – 6573 (72,1 %) ҚМҚ ұйымдастырды.

Анықтама: 2024 жылдың ұқсас кезеңінде МАМБ 5787 пациентке 8225 медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде: 2128 пациент тасымалданды, бейінді мамандар бетпе-бет консультациялар жүргізді – 209 және операция жасалды – 143,

қашықтықтан көрсетілген медициналық қызмет (бұдан әрі – ҚМК) ұйымдастырылды – 5745.



Ұсынылған диаграммаға сәйкес есепті кезеңде МБМА жүзеге асырған барлық тасымалдардың 69,7% -ы облыстардың медициналық ұйымдары деңгейінде және 22,8% -ы Астана қаласына ұлттық және республикалық медициналық ұйымдарға орындалды, ал тасымалдардың 7,1% -ы ғана Алматы қаласының медициналық ұйымдарына жіберілді.

Осы кезең ішінде 6255 пациентке көрсетілген медициналық қызметтердің жоғары деңгейі байқалады, оларды бөлу мынадай:

- акушерлік тәжірибеде шұғыл жағдайлары бар әйелдер 1050 оқиғаны құрады (16,8%);
- балалар жасындағы патология 1777 пациентте (28,4%) тіркелген;
- ҚЖА бар пациенттер 1539 адамды (24,6%) құрады, оның ішінде 983 - инсульт бар пациенттер (ҚЖА бар пациенттердің жалпы санының 63,9%);
- өзге де аурулары бар пациенттер 500 жағдайды (7,9%) құрады;
- жаңа туған нәрестелердің патологиясы 553 жағдайда (8,8%) тіркелген.
- жарақаттардан, жазатайым оқиғалардан және уланудан зардап шеккен пациенттер 836 оқиғаны (13,4%) құрады, оның ішінде ЖКО – 301.

4-кесте

2025 жылғы Астана және Алматы қалалары және өңірлері бөлінісінде пациенттерге нозология бойынша көрсетілген медициналық қызметтердің құрылымы (абс-да. сандар)

№ р/н	Өңірлер	Акушерлік практикадағы кезек күтірмейтін	Жаңа туған нәрестелер	Балалар жасындағы патология	ҚЖА	Оның ішінде, Инсульт	Жарақаттар	Оның ішінде, ЖКО	Өзге	Барлығы
	Барлығы	1050	553	1777	1539	983	836	301	500	6255
1	Алматы қ.	52	2	23	21	17	5	2	7	110
2	Астана қ.	46	18	49	21	20	4	1	3	141

3	Алматы	23	1	3	8	5			2	37
4	Ақмола	44	6	69	127	112	73	28	34	353
5	Ақтөбе	67	36	146	106	52	89	40	33	477
6	Атырау	60	29	143	101	22	30	8	32	395
7	ШҚО	29	31	74	73	565	33	16	10	250
8	Абай	39	61	149	92	52	98	28	16	455
9	БҚО	31	12	106	103	78	25	10	32	309
10	Жамбыл	138	14	96	258	227	94	38	41	641
11	Жетісу	35	56	28	53	47	27	12	14	213
12	Қарағанды	50	10	79	65	8	51	22	16	271
13	Қостанай	29	28	117	81	27	45	15	35	335
14	Қызылорда	64	128	149	53	31	25	9	47	466
15	Маңғыстау	102	31	187	77	23	51	17	54	502
16	Павлодар	25	19	71	54	25	35	9	10	214
17	СҚО	7	15	59	22	20	5		26	134
18	Түркістан	112	11	76	136	114	60	20	55	450
19	Шымкент қ.	82	24	94	31	22	15	5	20	266
20	Ұлытау	15	21	58	53	26	69	20	11	227
21	Шетел			1	4		2	1	2	9

Көрсетілген медициналық қызметтердің саны қызмет көрсетілген пациенттердің санынан асады, өйткені 2869 пациентке қайталама медициналық қызметтер көрсетілді:

- акушерлік практикада шұғыл жағдайлары бар әйелдер 1649 оқиғаны құрады (57,5%);
- балалар жасындағы патология 516 пациентте тіркелген (17,9%);
- ҚЖА бар пациенттер 301 адамды (10,5%) құрады, оның ішінде 228 - инсульт бар пациенттер (ҚЖА бар пациенттердің жалпы санының 75,8%);
- басқа аурулармен ауыратын пациенттер 116 жағдайды (4,1%) құрады;
- жаңа туған нәрестелердің патологиясы 88 жағдайда (3,1%) тіркелген.
- жарақаттардан, жазатайым оқиғалардан және уланулардан зардап шеккен пациенттер 199 оқиғаны (6,9%) құрады.

Медициналық авиацияны пайдалана отырып медициналық көмек көрсетілген балалардың жас құрылымы.
(абс. санмен)

9	Мед қызметсіз	15									
Барлығы		2287	6255	9124	2267	1581	520	161	144	140	6573

Есептік кезеңде ауыр халдегі пациенттердің жағдайын мониторингілеу барысында 6 573 қашықтан медициналық қызмет (ДМҚ) көрсетілді, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,6 %-ға жоғары. Оның ішінде: акушерлік патологиясы бар әйелдерге – 2 485 ДМҚ, балалар жастағы патологиялары бар балаларға – 1 619, жүрек-қантамыр жүйесі аурулары бар пациенттерге – 1 368, өзге аурулары бар пациенттерге – 451, жарақат алғандарға – 374 (оның ішінде 88 жол-көлік оқиғасы) және жаңа туған нәрестелерге – 276 ДМҚ көрсетілді.

ҰШМҰО медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдай отырып, сыни пациенттердің күнделікті мониторингі мен талдауын жүргізеді.

ҰШМҰО 2025 жылы донорлық органдарды тасымалдау мен трансплантолог-мамандарды ілесіп жүруді қамтамасыз ету мақсатында барлығы 10 рейс орындалды (оның ішінде: *Өскемен – 4, Петропавл – 2, Тараз – 1, Ақтау – 1 және Алматы – 2 рейс*):

- «East Wing» АҚ Як-40 ұшағымен — 3 рейс;
- «DALA AIR» ЖШС Pilatus PC-12 ұшағымен — 4 рейс;
- 2025 жылғы 27 тамызда донорлық органдарды және трансплантологтар тобын тасымалдау үшін «ALAMAN AIR» ЖШС Bombardier CRJ-200 ұшағымен алғашқы 2 рейс орындалды.

Тасымалданған донорлық органдар мен тіндердің түрлері: бүйрек, бауыр, жүрек, қасаң қабық, өкпе.

Ұшақ Қазақстан Республикасында сертификатталған Spectrum Aeromed медициналық модульдерінің екеуімен жабдықталған, бұл шұғыл медициналық авиация мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді. CRJ-200 ұшағының артықшылықтарына мыналар жатады:

- елдің шалғай және қолжетімсіз өңірлерінен пациенттерді жедел эвакуациялау және органдарды жеткізу;
- ұшу қашықтығының 3 100 км-ге дейін, ал крейсерлік жылдамдығының шамамен 800 км/сағ болуы, бұл тасымалдау уақытын қысқартады және аралық қону қажеттілігін болдырмайды;
- екі зембілдегі пациентті бір уақытта тасымалдау мүмкіндігі;
- төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде ерекше маңызды болып табылатын 35 маманға дейін кеңейтілген медициналық бригаданы орналастыру.

6-Кесте

2025 жылда санитарлық автокөлікпен көрсетілген медициналық қызметтер бойынша ақпарат

№ п/п	Өңір	Жүру саны	Медици налық қызметт ер саны	Тасымал дау саны	Кенес саны	Ота саны	Пациен ттер саны	Биология лық материал дарды тасымалд ау саны
1	Абай облысы	70	75	58	13	5	75	0
2	Ақмола облысы	361	370	226	67	77	370	0
3	Алматы облысы	1738	1959	527	1200	394	2121	0
4	Ақтөбе облысы	137	158	57	54	47	158	15
5	Атырау облысы	156	164	94	41	29	163	0
6	ШҚО	41	44	18	21	5	44	0
7	БҚО	199	208	125	41	42	208	0
8	Жамбыл облысы	758	818	429	236	153	818	0
9	Жетісу облысы	533	630	203	287	140	605	0
10	Қарағанды облысы	668	705	414	158	131	705	2
11	Қостанай облысы	408	427	352	46	19	431	0
12	Қызылорда облысы	346	428	144	175	81	346	0
13	Маңғыстау облысы	214	220	172	25	3	214	0
14	Павлодар облысы	224	224	207	11	6	224	0
15	СҚО	329	354	191	78	85	354	12
16	Ұлытау облысы	180	210	116	65	9	180	0
17	Түркістан облысы	3206	3206	952	1740	514	3206	0
	ВСЕГО	9568	10200	4285	4258	1740	10222	29

Есептік кезеңде елдің барлық өңірлері бойынша санитарлық автокөлікпен 9 568 шығу орындалып, олардың барысында 10 200 медициналық қызмет көрсетілді. Барлығы 10 222 пациентке қызмет көрсетіліп, 4 285 тасымалдау, 4 258 консультация және 1 740 операция жүргізілді. Сонымен қатар, биологиялық материалды тасымалдаудың 29 жағдайы тіркелді.

Жұмыстың ең жоғары көлемі Түркістан облысына тиесілі болды, онда 3 206 шығу орындалып, 3 206 медициналық қызмет көрсетілді. Өңірде 1 740 консультация, 952 тасымалдау және 514 операция жүргізіліп, 3 206 пациентке қызмет көрсетілді, бұл санитарлық автокөлікке түсетін жүктеменің жоғары екенін көрсетеді.

Сондай-ақ Алматы облысында да айтарлықтай белсенділік байқалды — 1 738 шығу және 1 959 қызмет, қызмет көрсетілген пациенттер саны 2 121 адамды құрады. Елеулі көрсеткіштер Жамбыл облысында (758 шығу, 818 қызмет) және Қарағанды облысында (668 шығу, 705 қызмет) тіркелді.

Орташа жұмыс көлемі Жетісу (533 шығу, 630 қызмет), Қостанай (408 шығу, 427 қызмет), Ақмола (361 шығу, 370 қызмет) және Қызылорда облыстарында (346 шығу, 428 қызмет) байқалды.

Ең аз шығу саны Шығыс Қазақстан облысында (41 шығу) және Абай облысында (70 шығу) тіркелді, бұл аталған өңірлерде санитарлық автокөлікті пайдалану қарқындылығының салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді.

Биологиялық материалды тасымалдау шектеулі көлемде жүзеге асырылды және негізінен Ақтөбе облысында (15 жағдай) мен Солтүстік Қазақстан облысында (12 жағдай), сондай-ақ Қарағанды облысында (2 жағдай) орын алды.

Тұжырым

2025 жылғы 1 қаңтардан 30 желтоқсанға дейінгі есептік кезеңнің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 1 Шартқа сәйкес «Қазақстан Республикасында медициналық авиацияны дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» мемлекеттік тапсырмасының толық әрі тиісті орындалуын қамтамасыз етті.

Есептік жылы ҰШМҰО-ның диспетчерлік қызметіне медициналық авиацияны пайдалана отырып медициналық қызмет көрсетуге 2 589 өтінім келіп түсті. Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар мен ұйымдастырушылық-техникалық факторларға байланысты 302 өтінімнің (11,7 %) күшін жою фактілері тіркелгеніне қарамастан, олардың басым бөлігі бойынша баламалы шешімдер қабылданды: ұшулардың жартысы кейінгі мерзімдерде орындалды, пациенттердің едәуір бөлігі санитарлық автокөлікпен жеткізілді немесе қашықтан медициналық қызметтермен қамтамасыз етілді. Бұл шұғыл медициналық көмек жүйесінің икемділігі мен тұрақтылығын көрсетеді.

Жалпы есептік кезеңде 2 272 ұшу және медициналық қызмет көрсетусіз 15 ұшу орындалды, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,5 %-ға жоғары. Өсім, ең алдымен, тікұшақ ұшулары санының артуы есебінен қамтамасыз етілді, бұл шалғай және қолжетімділігі төмен өңірлер үшін медициналық көмектің қолжетімділігінің кеңейгенін көрсетеді. Ұшулардың негізгі бөлігі (68,2 %) өңірлік деңгейде жүзеге асырылды, бұл медициналық авиацияның өңірлер мен республикалық орталықтар арасындағы мамандандырылған көмектің қолжетімділігін теңестірудегі шешуші рөлін растайды.

2025 жылы халықаралық медициналық эвакуацияларды ұйымдастыру ерекше маңызға ие болды. Уәкілетті органның өтініштері бойынша 9 шетелдік ұшу орындалып, Қазақстан Республикасының азаматтарын Түркия, Германия, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Қырғыз Республикасы және Мысырдың жетекші медициналық ұйымдарынан тасымалдау қамтамасыз етілді. Пациенттердің клиникалық профилі ауыр болғанына қарамастан, көп жағдайда оң клиникалық нәтижелерге қол жеткізілді, бұл медициналық сүйемелдеудің жоғары деңгейін және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін дәлелдейді.

2025 жылғы тамыз айында «Қазавиаспас» АҚ-мен Ұлытау облысының Жезқазған қаласында қосымша тікұшақты базалау туралы қосымша келісім жасалды. Аталған базалық нүктенің құрылуы жедел әрекет ету тиімділігін айтарлықтай арттырып, Ұлытау облысы тұрғындарына медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, әуе паркін жаңарту және ескірген әуе кемелерін алмастыру мақсатында «Аламан Әйр» ЖШС-мен Астана қаласында базаланатын заманауи Bombardier CRJ200 әуе кемесін пайдалану туралы шарт жасалды. Есептік кезеңде аталған әуе кемесі пациенттерді тасымалдау, жергілікті жерде операциялар мен консультациялар жүргізу сияқты әртүрлі профильдегі өтінімдерге жедел ден қою үшін 54 ұшу орындады. CRJ200 ұшағын пайдалану тасымалдаудың сенімділігі мен жайлылығын арттырып, өңіраралық ұшуларды орындау уақытын қысқартуға мүмкіндік берді.

Медициналық авиацияның мобильді бригадалары 6 255 пациентке медициналық көмек көрсетіп, 9 124 медициналық қызмет атқарды. Бұл ретте қашықтан медициналық қызметтер айтарлықтай үлесті (72,1 %) құрады және олардың саны 2024 жылмен салыстырғанда 12,6 %-ға артты. Бұл телемедициналық технологиялардың одан әрі дамуын және ауыр халдегі пациенттерді мониторингтеу мен уақтылы клиникалық шешімдер қабылдаудағы маңызды рөлін көрсетеді. Ең жоғары жүктеме акушерлік патологиясы бар пациенттерге, балалар жастағы патологияларға және қан айналымы жүйесі ауруларына, оның ішінде инсульттерге тиесілі болды, бұл елдегі шұғыл жағдайлардың құрылымына сәйкес келеді.

Есептік жылы ҰШМҰО қызметінің маңызды бағыттарының бірі донорлық ағзаларды тасымалдауды ұйымдастыру және трансплантолог-дәрігерлерді сүйемелдеу болды. Сертификатталған медициналық модульдермен жабдықталған Bombardier CRJ-200 заманауи әуе кемесін қоса алғанда, 10 мамандандырылған ұшудың орындалуы шұғыл авиация мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, Қазақстан Республикасының трансплантология қызметінің тиімділігін арттырды.

Шұғыл және мамандандырылған медициналық көмекті көрсетуде санитарлық автокөлік те елеулі үлес қосты. Есептік кезеңде 9 568 шығу орындалып, 10 200 медициналық қызмет көрсетілді, 10 мыңнан астам пациентке қызмет көрсетілді. Бірқатар өңірлерде, әсіресе Түркістан және Алматы облыстарында санитарлық автокөлікке түсетін жоғары жүктеме оның медициналық авиацияны толықтыратын шұғыл медициналық көмек жүйесінің ажырамас бөлігі ретіндегі маңыздылығын айқындайды.

Жалпы алғанда, ҰШМҰО-ның 2025 жылғы қызмет нәтижелері Қазақстан Республикасында медициналық авиацияның тұрақты жұмыс істеп, кезең-кезеңімен дамып келе жатқанын көрсетеді. Ұшулар көлемінің артуы, көрсетілген медициналық және қашықтан қызметтер санының өсуі, халықаралық және трансплантологиялық бағыттардың кеңеюі, сондай-ақ санитарлық автокөлікті тиімді пайдалану қабылданған ұйымдастырушылық және технологиялық шаралардың нәтижелілігін растайды.

Алынған нәтижелер алдағы жылдары шұғыл медициналық көмек жүйесін одан әрі жетілдіруге, оның қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ медициналық авиацияның кадрлық және материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға берік негіз қалайды.